

« JuniorSkills – 2022»

Өмірдің белгілі бір кезеңінде әр адам өміріндегі маңызды шешімдердің бірін қабылдауға мәжбүр: білім беру саласын анықтап, мамандық таңдау. Тәжірибе көрсеткендей, көптеген адамдар мансап жолын таңдауда қиындықтарға тап болады. Осыған байланысты жастар мен оқушылар арасында мақсатты кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізуге үлкен көңіл бөлу қажет.

Ерте кәсіптік бағдар беру және оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау негіздерін қалыптастыру нысандарының бірі « JuniorSkills – 2022» қозғалысы болып табылады. Бағдарлама 2014 жылы «Еркін іс» Қорының Стратегиялық бастамалар Агенттігінің қолдауымен WorldSkills-пен серіктестікте басталған болатын.

Ағымдағы жылдың 29-31 наурыз күндері Железин аграрлы-техникалық колледжінің базасында Железинка ауылының жалпы білім беретін орта мектептерінің оқушылары арасында алғаш рет « JuniorSkills – 2022» аудандық кәсіби шеберлік чемпионаты өтті. JuniorSkills мақсаты – WorldSkills қозғалысының құралдары негізінде оқушыларға кәсіптік бағдар беру және заманауи кәсіби құзыреттіліктерін игеруі үшін жаңа мүмкіндіктер жасау.

Жарыс ауыл шаруашылығын механикаландыру, аспаз ісі, бухгалтерлік шеберлік және наубайханалық шеберлік сынды құзыреттер бойынша өтті.

Аудандық чемпионаттың негізгі мақсаты WorldSkills әдістемесі бойынша оқушыларды ерте кәсіби бағдарлау модеоін және кәсіби даярлау негіздерін жасау болып табылады.

Байқау қорытындысы бойынша «Бухгалтерлік шеберлік» бағытында 1 орынды Железин №1 ЖОББМ-нің командасы, 2 орынды Железин №2 ЖББОМ-нің командасы, 3 орынды М.дулатұлы атындағы ЖББОМ-нің командасы иеленді.

«Наубайхана шеберлігі» бойынша 1 орын Железин №2 ЖОББМ, 2 орын М.Дулатұлы атындағы ЖББОМ және 3 орын Железин №1 ЖОББМ берілді.

« Ауыл шаруашылығын механикаландыру» бағыты бойынша 1 орынды Железин №2 ЖОББМ-нің оқушылары иеленсе, 2 орын Железин №1 ЖОББМ-нің оқушыларына берілді.

«Аспаз ісі» бағыты бойынша 1 орын Железин №2 ЖОББМ-нің қыздар командасына берілсе, 2 орынды М.Дулатұлы атындағы ЖББОМ-нің қыздар командасы жеңіп алды. Железин №1 ЖОББМ қыздар командасы 3 орыннан көрінді.

Конкурс бойы аграрлы-техникалық колледжінің студенттері тәлімгерлер ролінде өздерін көрсете білді; шеберлік сағаттарын көрсетті, балаларға конкурстық тапсырмаларды орындау кезінде жан-жақты көмек берді. Оқушылардың осы жарыстарға жоғары дайындықпен келгендерін атап өткен жөн және оқытушыларға ынтымақтастығы үшін Алғыс айтамыз.

Осылайша , оқушылар жарыстарға белсенді қатысып, жағымды эмоциялар алып, оң қуатпен қуаттанды. Барлық қатысушыларға дипломдар, сертификаттар және естелік сыйлықтар табыс етілді.

